

АО «НК «ҚТЖ» ПРОДЕЛАЛО ЗА ГОД ОГРОМНУЮ РАБОТУ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО МАРШРУТА. ОН ВАЖЕН НЕ ТОЛЬКО ДЛЯ ЕВРОПЫ И КИТАЯ. ЭТО ПОМОЖЕТ РАЗВИТИЮ ВСЕХ СТРАН, ЧТО РАСПОЛАГАЮТСЯ ВДОЛЬ СРЕДНЕГО КОРИДОРА.

Олли ПОХЬЯНВИРТА,
исполнительный директор Nurminen Logistics PLC



№34 (2964)
19/04/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПУТЬ ПРОХОДИТ ПРОВЕРКУ

В АО «НК «ҚТЖ» стартовал сплошной весенний комиссионный осмотр магистральной железнодорожной сети. К настоящему моменту комиссией уже проверено 15% главных путей станций и перегонов.

Любовь РОВБА,
Астана

Главная цель ежегодного комиссионного осмотра – обеспечение безопасности движения поездов. Специально созданная комиссия производит оценку общего состояния пути и его готовности к летним перевозкам, выявляет проблемные места и определяет участки, которые будут отремонтированы в первую очередь.

Всего по Казахстану в 2024 году планируется провести капитальный ремонт 570,64 километра пути, усиленный средний ремонт – 100 километров, средний ремонт – 45 километров. Провести сплошную смену рельсовой опоры на 100 километрах пути, смену рельсовой колеи – на 40 километрах и замену 726 комплектов стрелочных переводов.

Как сообщили в департаменте пути и сооружений, на сегодняшний день осмотр всего участка пути главного хода выполнен уже на 15%.

Большое внимание во время весеннего осмотра



также уделяется состоянию инфраструктуры, технических средств, зданий и сооружений. Тщательно проверит комиссия и условия труда и отдыха железнодорожников, узнает из первых уст о нуждах и потребностях людей на местах.

Учитывается и ряд других важных факторов, в том числе обеспеченность структурных подразделений инвентарем, оборудованием, материалами и запчастями, уровень профессиональной подготовки

работников, проведение технических занятий.

По итогам осмотра будет разработан комплекс плановых работ по ремонту пути, устранению выявленных неисправностей и недочетов.

В южном и западном регионах страны весенний комиссионный осмотр магистральной железнодорожной сети продлится до 30 мая, в северном и восточном – до 15 июня.

Фото автора

ТОЧКИ РОСТА МАРШРУТА СЕВЕР – ЮГ

В АО «НК «ҚТЖ» состоялась встреча с дипломатическими миссиями, посвященная вопросам развития международного транспортного маршрута Север – Юг. Во время мероприятия презентованы преимущества и возможности маршрута, представлены результаты развития коридора и перспективы международного сотрудничества, продемонстрированы итоги железнодорожной отрасли Казахстана за 2023 год.

Коридор Север – Юг для Казахстана является одной из точек роста в развитии транспортно-экономических связей с Ираном и Индией. Как отмечают казахстанские грузоотправители, очевидными преимуществами данного сухопутного коридора через территорию Казахстана являются высокая скорость доставки грузов и практическая всепогодность перевозок. У транспортного коридора очевидно просматриваются заманчивые экономические перспективы развития, и Казахстан призван сыграть ведущую роль в осуществлении этого масштабного транзитного проекта.

Отмечено, маршрут имеет преимущества для всех стран-участниц – направление является кратчайшим для товарных перевозок между странами ЕАЭС и Южной Азией, Восточной Африкой и Ближним Востоком. Коридор носит мультимодальный характер, позволяя грузам перемещаться по автомобильным, железнодорожным и морским перевозкам, а также на судах смешанного плавания «река-море».

Напомним, проект соглашения International North-South Transport Corridor (INSTC) Международный транспортный коридор Север – Юг инициирован еще в 2000 году для создания более короткого пути по сравнению с морским транспортным маршрутом через Суэцкий канал. Сокращается время доставки грузов и транспортные расходы. Согласно оценкам специалистов, перенаправление контейнерных перевозок с морского транспорта на железнодорожный в рамках коридора Север – Юг снижает выбросы парниковых газов более чем на 25%.

С точки зрения формирования новой взаимосвязанности, одним из ключевых элементов является развитие Международного транспортного коридора Север – Юг. Речь идет о том, чтобы грузовые потоки из России на Юг и в обратном направлении шли не окружным путем через Суэцкий канал, а напрямую через Каспийский регион. Подчеркну, что в этом проекте участвуют не только Россия, Беларусь, Казахстан, Туркменистан, Азербайджан и Иран, но и Китай, а также государства Южной Азии, в первую очередь Индия и Пакистан, и страны Персидского залива, – отметил посол России в Казахстане Алексей Бородавкин.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Астана



Нұрболат НҰРСЕЙІТОВ,
Жамбыл локомотив пайдалану
депосының бастығы:

Келелі кеңес

ТАСЫМАЛДАУ НАРЫҒЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Көлік министрлігінде жүктерді теміржолмен тасымалдау нарығын тұрақтандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар талқыланды. Сонымен қатар министрліктің өткен жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі қаралды.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Нұржан Келбұғанов жүктерді теміржолмен тасымалдау нарығын тұрақтандыру және теміржол тасымалы саласындағы бизнестің бүгінгі мәселелері бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндама жасады. Мәселен, жыл басынан теміржол көлігімен жүк тасымалдау көлемі 70,7 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,7% - ға аз.

Республика ішіндегі қатынаста жүктерді тасымалдау толық көлемде қамтамасыз етілген. Өткен жылдан бастап локомотивтер паркін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізіліп, 113 локомотив сатып алынған. Бүгінгі таңда жүк вагондарының жалпы саны 136 мың бірлікті құрайды. Биылғы жылы жылжымалы жүк құрамын жаңарту мақсатында 242 вагон сатып алынды. Достық – Мойынты, Бақты –

Аяғөз, Дарбаза – Мақтаарал, Алматы айнама станциясы сияқты инфрақұрылымдық жобаларды салу арқылы өткізу қабілетін кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Транзиттік әлеуетті дамытуға қатысты «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі LRT», теміржол жолаушылар тасымалын субсидиялау, шекара бөлімшелерін жобалау және салу, тасымалдаушылар мен вагон операторларының вагондарды сатып алуына сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, сонымен қатар тұрақты әуе тасымалдарын субсидиялау жайы сөз болды. Бұл туралы Қаржы және корпоративтік басқару департаментінің директоры Нұрлан Жүнісов баяндама жасады.

Жынында теміржол саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жайы да сөз болды. Отырысқа ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің превенция қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау басқармасының басшысы Нұрдіулет Сәмет қатысты. Теміржол саласындағы

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, жүктерді теміржолмен тасымалдау нарығын тұрақтандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндамалар тыңдалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі мақсаттарының бірі – сыбайлас жемқорлық фактілерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау, теміржолшылар қауымдастығының барлық деңгейінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нәлдік төзімділікті қалыптастыру, осы ретте заманауи технологияларды енгізуге және теміржолдағы процестерді цифрландыруға назар аудару, сондай-ақ теміржол көлігіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажеттігі атап өтіліп, осы орайда бірқатар ұсыныс берілді.

Сонымен қатар министрлік жанынан теміржол көлігі саласында нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру үшін жұмыс тобы құрылды.

ЭКСПОРТТЫҚ ЖҮКТЕ ӨСІМ БАР

Қытай елінен Еуропа мен Орта Азия елдеріне, сондай-ақ, Қазақстанға тасымалданатын жүктердің ағылуымен қатар республикамыздан көрші мемлекетке экспортталып жатқан жүктердің де өскенін байқауға болады.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Мәселен, биылғы қаңтар-наурыз аралығында Қытайға теміржол көлігімен тасымал-

данған жүк экспорты 20% асқан. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС алға тартқан дерекке сүйенсек, Қытайға теміржол көлігімен тасымалданған экспорттық жүк көлемі биылғы жылдың бірінші

тоқсанында өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 21,1 өсіп, 3,2 миллион тоннаны құраған. Соның ішінде Достық – Алашанькоу мемлекетаралық шекаралық өткелі арқылы

Қазақстаннан Қытайға 2,2 млн тонна жүк өткізіліп, өсім 12,3% құраған. Ал Атырқола – Қорғас аррыққылы 1 млн тонна жүк экспортталған. Өсім 44,4%. Осы ретте, сыртқа шығарылған металл кенінің 5,8%-ке, астықтың 27%, қара металлдың 2,3 есеге, мұнай өнімдерінің 12 есеге, түсті металдар сияқты жүк түрлерінің 59,5%-ке артқаны байқалады. Десек те, биыл ұш айда химиялық жүк экспортының былтырғыға қарағанда 88,3% өскені белгілі болып отыр.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ
4,7 МЛН ТОНН

НЕФТЕПРОДУКТОВ ПЕРЕВЕЗЛИ ПО СЕТИ ҚТЖ В ПЕРВОМ КВАРТАЛЕ ЭТОГО ГОДА.

96,9 МЛН ТОНН

ГРУЗОВ ДОСТИГ ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ В КАЗАХСТАНЕ ЗА ЯНВАРЬ-МАРТ 2024 ГОДА.

ҚТЖ ОРГАНИЗОВАНА ПЕРЕВОЗКА

500

ДЕТЕЙ ИЗ ПОСТРАДАВШИХ ОТ ПАВЛОДКА РАЙОНОВ В ЛЕЧЕБНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЕ ЦЕНТРЫ И ДЕТСКИЕ ЛАГЕРЯ.

В НОВЫХ СТЕНАХ

Павлодарский железнодорожный вокзал распахнул свои двери после капитального ремонта, который обошелся в 1,3 миллиарда тенге. Финансовые средства – это спонсорские инвестиции.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В торжественной презентации объекта принял участие аким области Асаин Байханов. Как рассказал подрядчик, полная реконструкция длилась девять месяцев, за это время были заменены потолочные светильники, установлены кресла со встроенными розетками, указатели, табло с расписанием. Кроме того, теперь на железно-

дорожном вокзале есть камера хранения, молевальная комната, аптека, бесплатный туалет со всеми удобствами, уголок для детей, пункт общественного питания, два лифта, в том числе для лиц с инвалидностью. Кассы автобусов и поездов находятся в одном месте. Обновлен зал ожидания.

Но самое главное – подрядная организация полностью заменила внутреннюю сеть, это значит, что зимой в здании будет тепло.



В том числе стеклопакеты, двери для выхода на перрон сделали раздвижными.

Теперь павлодарский железнодорожный вокзал отвечает всем современным требованиям. В сутки сможет принимать до четырех тысяч человек.

– На очереди капитальный

ремонт вокзала Экибастуза, ранее давал поручение по разработке ПСД. Там тоже давно не было реконструкции. К концу апреля ждем заключения по государственной экспертизе, после начнутся ремонтные работы, – сказал Асаин Байханов.

Фото автора

ОБЪЕДИНИТЬ В ОДНУ СИСТЕМУ

Министерство транспорта Казахстана ведет работу по созданию национальной интеллектуальной транспортной системы (ИТС). Утвердить необходимые документы и начать фактическую реализацию проекта планируется в этом году.

В настоящий момент совместно с заинтересованными госорганами разрабатывается подробная техдокументация на создание ИТС. В системе будут взаимосвязаны существующие информационные системы, аппаратно-программные комплексы и планируемые к внедрению цифровые проекты.

Концепцией развития предусмотрено создание единой системы путем объединения «АСУ ДКР» (железнодорожные перевозки), «Системы управления движением судов», «Единой системы управления транспортными документами» (автотранспорт) и «Системы e-Freight» (грузовые авиаперевозки).

На начальном этапе она охватит автомобильные грузовые перевозки, но в дальнейшем и все другие виды транспорта.

Обработка больших данных, аналитика и мониторинг в ИТС, в том числе с применением искусственного интеллекта, повысит безопасность движения и приблизит к переходу на автоматизированный транспортный контроль, считают в Министерстве.

Роман ЛЮБИМОВ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕН ТЕСТ ТАПСЫРУДА

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



Компания қызметкерлері ҚР тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-жоспарға сай «Қазтест» жүйесі арқылы диагностикалық тестілеуден өтуде.



Быттыр бұл тесттен тек Астанада ғана 100 адам өтсе, биыл жоспарда бүкіл өңірлерді қамти отырып, жалпы 3000 адамды диагностикалық тестілеу көзделіп отыр. Тесттің быттырғы нәтижесі бойынша ҚТЖ қызметкерлерінің 92 пайызы мемлекеттік тілді В1 және одан жоғары деңгейде білетіні анықталған. Ол кезде Орталық аппараттың, түрлі құрылымдық бөлімшелер мен филиалдар және еншілес ұйымдардың 100 қызметкері сынаққа қатысып, жазбаша түрде 1,5-2 сағат тест тапсырған. Тест сынақтары аудио тапсырма, лексикалық-грамматикалық ережелер мен оқудан тұрды. Жалпы барлығы 100 сұрақ келеді. 20-39 балл жинағандар А1 деңгейіне, 40-59 балл жинағандар А2 деңгейіне, 60-74 балл алғандар В1, 75-89 балл алғандар В2 және 90-100 балл жинағандар С1 деңгейіне сәйкес келеді. Сол кезде ҚТЖ-ның 100 адамының 92-сі В1 деңгейін көрсеткен. 17 адам қазақ тілін С1 деңгейінде, 52 адам В2 деңгейінде білген.

Компанияның мемлекеттік тілді дамыту секторының меңгерушісі Ербол Тоқтағазының айтуынша, биыл бұл тестті Семей, Жамбыл, Ақтөбе, Қарағанды, Алматы, Жетісу, Қостанай, Атырау өңірлерінің теміржолшылары 8 сәуір мен 30 мамыр аралығында сол облыстардың оқу орындарында тапсырады. Ең бірінші Семейде өтіп, оған 77 теміржолшы қатысқан.

– Біздің Семей магистральдық желі бөлімшесінен 50 адам қатысты. Олардың көбі біздегі құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен бас инженерлері, орынбасарлары. Қазақты өңірдің азаматтары үшін тест сұрақтары аса қиын дей алмаймын. Нәтижесін алда көреміз. Жалпы мұндай тест сынақтары мемлекеттік тіл саясатын жүргізуде қажет деп санаймын. Өз мекемемізде іс қағаздары да екі тілде жүргізіледі, іс-шаралар мен техникалық сабақтар да солай өтеді, – дейді Семей магистральдық желі бөлімшесі персоналды басқару жөніндегі бастығы Данияр Баймағұлов.

Келесі кезекте, Жамбыл, Ақтөбе өңірлерінің теміржолшылары мемлекеттік тілді білу деңгейін көрсетті. Қалған облыс мамандары мамыр айының соңына дейін тесттен өтетін болады.

Суретті түсірген автор

НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе облысында су тасқынынан зардан шеккендер арасында теміржолшылар отбасы аз емес. Оларға мемлекеттік бюджет тарапынан бір жолғы көмектен бөлек кәсіподақ тарапынан да қаржылай қолдау көрсетіліп жатыр.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі кәсіподақ төрайымы Айша Қалағанованың айтуынша, ешкім де назардан тыс қалмайды. Филиал басшыларының бастамасымен қиын жағдайда қалған теміржолшылардың отбасына жан-жақты көмек беріледі. Үйі суға кеткен теміржолшылардың үйінде арнайы техникамен су сору жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, тасқыннан кейін қиын жағдайда қалған Никельтау жол дистанциясында жол монтері қызметкеріне 300 мың теңге жинап берілді.


«Бүгін ЭЧ-3 – Шалқар электрмен жабдықтау мекемесінің басшылығының қолдауымен тасқын судан зардап шеккен жұмысшыларға көмек көрсетілді. Ақтөбе өрт сөндіру пойызының қызметкері Әбдіғазиев Жаңбырбайға және Никельтау жол дистанциясының жұмысшысы Болатбекке әрқайсысына 150 мың теңгеден көмек берілді», – деді Айша Қалағанова.

Сонымен қатар, Шалқар қайта қалпына келтіру пойызының қызметкерлерінен үйін су алған отбасыларға қаржылай көмек көрсетілген. Кәсіподақ төрайымы көмек көрсетіп жатқан мекемелер өздері байланысқа шығып, ұсыныс жасап жатқанын жеткізді.

Айта кетейік, «ҚТЖ» ҰК АҚ – «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалының директоры Серғали Жайлаубай 5 сәуірден бастап Орал қаласында теміржолдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде. Ақтөбедегі өрт сөндіру пойызы да Орал станциясының басына қойылған. Орал станциясының басшысы гуманитарлық көмек таратуды ұйымдастыруда.

Қазіргі уақытта кәсіподақ ұйымдарымен су тасқынынан зардап шеккен теміржолшылардың тізімі жасалып, көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылып жатыр.

ҚАП ШЫҒАРУ ӨНДІРІСІН ІСКЕ ҚОСТЫ



Атырау облысында су тасқынымен күрес әлі де өзекті болып отыр. Тасқынмен күресуге ірі кәсіпорындар да үлкен үлес қосып жатыр. «Полимер Продакшн» ЖШС Атырау қаласында қап шығару өндірісін іске қосты.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Құм толтырылған қаптар су тасқынына дайындық кезінде аумақтарды су басуға жол бермейтін бөгет жасап, тұрғын үйлер мен инфрақұрылымды қорғау үшін қолданылады. Зауытқа шикізат «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» компаниясынан 9 сәуір күні келді. Содан бері олар екі ауысымда жұмыс істеп, күніне 20 мың қап шығарды. Сондай ақ «Доссор-Құлсары» автожолының су шайып кеткен 101-шақырымы қалыпқа келтірілді. Оған 45 адам, 28 техника жұмылдырылып, 12 су өткізгіш тұрба салынды.

Облыста екі ауданда жаға бекіту жұмыстары аяқталып келеді. Махамбет ауданында қазір тасқынға қарсы шаралар тәулік бойы жүріп жатыр. Аудан әкімдігінің мәліметінше, елді-мекендерді судан қорғау бөгеттерінің ұзындығы 80 шақырым. Қазіргі уақытта ұзындығы 64 шақырым дамбының 54 шақырымы нығайтылды. Қалған бөлігін



бекіту жұмыстары жалғасуда. Аудан бойынша сонымен бірге 19,3 шақырым болатын жаңа бөгет соғу жоспарланып, аталған бөгеттің 15,2 шақырымы соғылды. Жаға бекіту жұмыстарына Махамбет ауданы бойынша,

мекемелердің 250 қызметкері, 3500 ерікті, 331 әскери және 226 техника жұмылдырылған. Тасқынға қарсы іс-шаралар Индер ауданында да тәулік бойы жалғасып жатыр. 14 сәуір күні жағдай бойынша, жаға бекіту

мақсатында ұзындығы 21,5 км бөгеттер салынды. Жағаны бекіту жұмыстарына арнайы 84 техника, 480 мекеме қызметкерлері мен ауыл азаматтары және 350 әскер жұмылдырылды. Сонымен қатар, суға кету ықтималдығы бар Индербор кенті, Елтай, Есбол, Көктоғай, Бөдене, Өрлік және Ынтымақ ауылдарының бөгеттері де көтерілуде. Қызылбалық, Құрманғазы ауылдарында бекітілген жұмыстың 70 пайызы біткен, қалғаны әлі де жалғасуда. Аймақта жүріп жатқан жұмысқа темір жол мекемелерінің қызметкерлері де тартылған.

Атырау облысының ТЖ жөніндегі жедел штабының хабарлауынша, Құлсары қаласында қоғамдық көлік қозғалысы қалыпқа келе бастады. Бүгінде қала ішінде 4 бағытта 14 автобус қатынауда. Қосшағыл, Жаңа Қаратон, Майкөмген, Жем ауылдық округтеріне автобустар қалыпты жұмысына кірісті. Төтенше жағдай орын алғанға дейін Құлсары қаласы ішінде, ауылдық округтерді қоспағанда 12 бағытта 55 автобус қатынауда. Қала көшелері судан тазартылып, көліктерге жүру толықтай қолайлы болған жағдайда қатынау бағыттары мен автобустар санын артатын болады, – дейді "Батыс Тех Инвест" ЖШС басшысы Әуез Әбілқим.

Суретті түсірген автор

КОНТЕЙНЕРЛЕНДІРУ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙМЕК



Қазақстанда жүктер мен тасымалды контейнерлендіру бағдарламасы әзірленіп жатыр. Қазір Қытайдан Еуропаға, Орта және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне жүк ағынының өсіп жатқанын ескерсек, тасымалды контейнерлендіруге сұраныстың да артып отырғаны белгілі.

Нұрбек БЕКЕН,
Астана

Жүкті және тасымалды контейнерлендірудің артықшылығына қатысты мульти-модальды операторлардың өз ойлары бар. Айтуларынша, бүгінгі күні контейнерлерде тасымалдау тек теміржолмен шектелмей, әр түрлі көлік түрлерін біріктіруге, тиеу-түсіру уақытын қысқартуға, жүктердің зақымдану қаупін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, жеткізу уақыты мен шығындарды қысқартып, жеткізу тізбегіндегі өнімділікті арттырады. Қазақстанның көлік саясатында көздеген мақсаты «Жаңа жібек жолы» тұжырымдамасын әрі қарай дамыту.

Ал бұл мақсат-міндетті орындауда «ҚТЖ» ҰК АҚ еншілес ұйымы – «KTZ Express» АҚ компаниясының рөлі ерекше. Контейнерлік және вагондық тасымалдаудан бастап терминальдық инфрақұрылымды және кедендік ресімдеуді ұсынуға дейінгі барлық көліктік-логистикалық қызметтерді ұсынатын мульти-модальды оператор қарамағында бүгінде 4500 астам контейнер бар. Олардың арасында 2 500 астамы 20 футтық, 1500 астамы 40 футтық, 430 бірлігі 45 футтық әмбебап контейнерлер болып отыр. Жоғарыда атап өткен жүктер мен тасымалдауды контейнерлендіру бағдарламасы Көлік министрлігі тарапынан ҚР көлік-логистикалық әлеуетін 2030 жылға дейін дамыту



тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде әзірленіп жатқанын атап өдік. Бұдан бөлек, ведомство мәліметінше, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі тарапынан теміржол вагондарының паркін жаңарту жоспарланған. Барлығы 100 жолаушы вагоны мен 3 мың жүк вагоны сатып алынбақ. Және де бұл жылжымалы құрамдар тек қазақстандық зауыттарда шығарылған отандық өнім болмақ. Бұл өз кезегінде отандық өндірісті дамытуға және қосымша жұмыс орындарын құруға жағдай жасайды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БАҒЫТТАМАЛЫ БҰРМА АУЫСТЫРЫЛДЫ



Өткен аптада Қарайірім және Тереңөзек станцияларында екі бағыттамаалық бұрманы ауыстыру жұмысы атқарылды. Қызылорда жол дистанциясы мен Қызылорда қалпына келтіру пойызының теміржолшылары бірлесе жұмыс істеп, толаскез уақытын ұтымды пайдалана білді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Осыған дейін Аққұм-Талап учаскесінде күрделі жөндеуді бастап, Шиел станциясында бағыттамаалық бұрмаларды ауыстырып үлгерген жолшылар көктем шыға жоспарлы жұмыстарын удетті.

Бағыттамаалық бұрмаларды ауыстыру – жоспарлы жұмыс. Сондықтан оған алдын ала дайындалып, толаскез уақытын қозғалысшылармен келісіп кірісеміз. Қарайірім бекетінде №1 және Тереңөзек станциясында 8-бағыттамаалық бұрманы ауыстыру жұмысы Қалпына келтіру пойызындағы әріптестерімізбен бірге белгіленген уақыт ішінде сәтті аяқталды. Бұл өз кезегінде тегізде қозғалыс қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыруға сеп болмақ, – дейді Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов.

Бағыттамаалық бұрмаларды ауыстыру жұмысына Қызылорда қалпына келтіру пойызының баспаналық модулі, ЕДК-300/2 жүк көтергіш краны, жол техникалары, такелажка және жаңа темірбетон бағыттамаалық бұрмалар тиелген платформалар қолданылды. Берік Әбжаппаров басқаратын қалпына келтіру пойызының теміржолшылары толаскезге алдын-ала дайындық барысында пойыз құрамының жұмыс басында орналасуын межелеп, бағыттамаалық бұрма бөлшектерінің көтергіш кранның көмегімен түсіріліп-тиелуін бағдарлап, жұмыс жоспа-



рын бекітіп алған. Сонымен қатар басқа да салалық мекемелердің теміржолшылары атсалысып, өз салаларындағы жұмысты қадағалады. Вагон қараушылар тепловоз бен вагондардың ажыратылып-жегілуіне жауапты болса, электр қуатының уақытты, кідіріссіз берілуі, сигнал беру және байланыс құрылғыларының техникалық талап бойынша жалғануы, бекеттегі қозғалыстың кестеге сай атқарылуы секілді жұмыстар тиісті мекеме мамандары арқылы атқарылды.

– Төрт бөліктен тұратын және әрқайсысы 10-12 тонналық бағыттамаалық бұр-

малар рет-ретімен тарқатылып алынып, оны платформаға кран машинисі Ж. Жүрсінов пен кран машинисінің көмекшісі Ж. Абдрашитов тиеп-түсірді, жаңа бұрманың төселуі үшін жол табанын бульдозер машинисі Дәулет Балманов тегістеп шықты. Осылай бір-бірімізге көмектесіп нәтижелі жұмыс атқардық, – деді Қызылорда қалпына келтіру пойызының бастығы Берік Әбжаппаров. Толаскез барысы Магистральды желі бөлімшесі басшыларының қадағалауы және мамандардың бақылауымен жүргізілді.

Суретті түсірген автор

Паводок

СЕДОЙ УРАЛ ПРОВЕРЯЕТ НА ПРОЧНОСТЬ

Противопаводковые мероприятия в Западно-Казахстанской области в самом разгаре. Уральские железнодорожники продолжают круглосуточно принимать составы с техникой на станциях Жилаево и Уральск.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Составы с техникой в помощь по укреплению действующих защитных дамб и строительству новых, а также эвакуации пострадавших из подтопленных домов начали поступать из семи регионов Казахстана на станции Уральск и Жилаево с 12 апреля. В сопровождении водителей и механизаторов прибывают погрузчики, КамАЗы, самосвалы, краны, манипуляторы, бульдозеры, экскаваторы, спасательная техника. Самыми насыщенными были 14, 15 и 16 апреля, однако уральские железнодорожники достойно справились с этой задачей. Выгрузка ведется своевременно, без задержек, что

подтверждают контролирующие процесс представители МЧС от прибывших группировок. Всего в Западно-Казахстанскую область отправлено 533 единицы техники, к обеду 18 апреля все выгружены.

Во вторник на оперативном совещании под председательством главного инженера филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» Жасулана Рскалиева с участием руководителей всех предприятий Уральского узла обсудили организационные вопросы, акцентировав на обеспечении безопасности труда. Разработаны памятка при выгрузке/погрузке транспортного средства с/на железнодорожной платформы для работников КТЖ, а также инструкция для водителей



транспорта, стропальщиков и других работников сторонних предприятий, привлеченных на выгрузку. По завершении противопаводковых мероприятий также меры безопасности должны соблюдаться при погрузке этой техники на грузовые платформы. Затем региональные руководители филиалов «КТЖ – ГП» – «Батыс» и Актюбинского отделения магистральной сети совместно с главным инженером «КТЖ – ГП» – «Батыс» отправились на станцию Жилаево на место выгрузки с целью проверки соблюдения

техники безопасности.

К настоящему времени в ЗКО вдоль реки Урал построено 100 километров защитных дамб. В укреплении противопаводковых сооружений, а также в проведении других неотложных работ и ликвидации последствий паводка задействовано около 8 000 человек, более 1 700 единиц техники. Уровень воды в реке Урал достиг 780 сантиметров при опасном 850 сантиметров. По прогнозам специалистов пик паводка вероятен 22-24 апреля.

Фото автора

МИССИЯ ПОМОЩИ

Все службы Алматинского региона с 12 по 15 апреля в круглосуточном режиме производили погрузку техники и отправку составов в зоны бедствия.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинский регион

Алматинские железнодорожники отправляют технику в регионы затопления, используя специализированные составы. Только с 4 по 15 апреля из региона было сформировано и отправлено девять составов – 259 платформ с 308 единицами техники. Так, со станции Капчагай техника ушла в Шубаркудук, Смирново и Атбасар. Один состав был сформирован со станции Отар. Оттуда железнодорожники совместно со службой ДЧС отправили в Атырау восемь классных вагонов с военными для помощи в зоны наводнения. На 16 платформ – 21 КамАЗ, четыре УАЗа, «газель», машина скорой помощи, пожарные



машины. Погрузка осуществлялась при непосредственном участии работников станции Отар, приемосдатчиков, дежурных по станции, вагонников, под контролем диспетчерского аппарата РЦУП-2 Алматы.

С 12 по 14 апреля со станции Алматы-1 отправлено три состава

в Уральск. В первом составе 33 платформы с 12 погрузчиками, тремя пожарными машинами, двумя водовозами и другой техникой, а также два классных вагона.

Во втором составе на 37 платформах было погружено 43 единицы техники (самосва-

лы, экскаваторы, бульдозер и другая техника на гусеничном и колесном ходу), а также два классных вагона.

Третий состав включал 46 платформ с 56 единицами техники (33 самосвала, два водовоза, один автобус, 17 погрузчиков, три экскаватора) и два классных вагона.

Погрузка осуществлялась при соблюдении всех мер безопасности, включая проверку грузов, правильное распределение веса, использование защитного снаряжения. Это гарантирует безопасность как самих работников, так и перевозимого груза, обеспечивая эффективное и надежное выполнение миссии помощи в зоны бедствия.

– Мы готовы предоставить необходимую помощь и поддержку в зоны наводнения. Железнодорожники проявляют солидарность и не остаются равнодушными к чужой беде. Наш регион не исключение, – отмечает директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурмы Жаниязов.

Фото автора

ГОТОВЬ ЩЕБЕНЬ ЗИМОЙ



В Карагандинском регионе стартовал весенний комиссионный осмотр. Ревизорский состав посетил станции Тагынкара, Ащыозек, Акжайдак, Орта-Дересин, Токырау, Кокдомбак, Сарыкум, Береке, Мойынты.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам главного ревизора департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбека Альмуразаева, в ходе осмотра большое внимание уделяется состоянию железнодорожного полотна, так как своевременное выявление и устранение несоответствий способствует высококачественному и бесперебойному движению поездов. Это то, к чему стремится любое узловое предприятие.

– Как известно, земляное полотно служит основанием верхнего строения, то есть самого пути, который состоит из балластных призм, шпал и рельсов, – говорит он. – Это основание равномерно распределяет нагрузку

от сооружения верхнего строения пути и подвижного состава, на поверхность земли, и оно в полной мере обеспечивает фиксированное положение железнодорожного полотна при любых оптимальных нагрузках и любых климатических условиях, – рассказывает он. – Как правило, железнодорожное полотно рассчитано на длительный срок службы, и от его состояния напрямую зависит безопасность движения поездов как грузовых, так и пассажирских.

На сегодняшний день строительные работы осуществляются компанией Integra Construction KZ. Работники этой организации зимой готовили рельсошпальные решетки к легким путевым работам, а также складировали щебень. Результаты налицо: сегодня нижнее строение пути



засыпано на 60%, кроме того, проводились взрывные работы и осуществлялся срез в местах выемок, где в дальнейшем будет укладываться рельсошпальная решетка вторых путей.

На перегонах Мойынты – Буйрек, Сарыкум – Кокдомбак, Акжайдак – Ащыозек уже произведены вышеуказанные строительные операции, осталось только подсыпать щебень и произвести подбивку машинами тяжелого типа, чтобы привести все действия к проектной отметке и в последующем сдать в эксплуатацию, – резюмировал Булатбек Альмуразаев.

Фото автора

КОМФОРТ И ВНИМАНИЕ КАЖДОМУ



Свыше 700 тысяч пассажиров обслужили на столичном вокзальном комплексе «Нұрлы жол» с начала года. В том числе более двух тысяч человек с ограниченными возможностями.

Любовь РОВБА,
Астана

С учетом отправленных и прибывших пассажиров в 2024 году пассажиропоток достиг 713 944 человека. За январь – март этот показатель составил 638 894, что на 18 910 больше, чем в первом квартале прошлого года. Из них 3 073 человека – организованные группы пассажиров, включая 183 детей.

В числе посетителей вокзального комплекса в первом квартале также 2 222 пассажира

с особыми потребностями, которым при прибытии, нахождения на вокзале и отправлении со станции Нұрлы жол предоставляются инвалидные коляски, сопровождение и другая необходимая помощь.

Стоит отметить, что комплекс «Нұрлы жол» полностью приспособлен для комфортного пребывания пассажиров, относящихся к категории маломобильных групп населения, включая людей с инвалидностью. На вокзале и прилегающей территории предусмотрены специализированные парковочные места, билетные кассы, залы

ожидания, кнопки вызова помощи, телефонные аппараты, индукционные устройства, тактильно-звуковые мнемосхемы. Все это есть как на самом вокзале, так и на прилегающей территории.

– Нажав на кнопку вызова или отсканировав специальные таблы с QR-кодом, можно выбрать нужную услугу. Например, попросить предоставить инвалидную коляску, помочь пересечь в нее из машины, вагона и так далее, – рассказала начальник отдела организации технологического процесса вокзального комплекса «Нұрлы жол» Галия Нусеева. – Кроме того, в каждой смене у нас есть ответственные дежурные по работе с маломобильными группами населения, которые сопровождают и помогают им получить все необходимые услуги.

АО «НК «КТЖ» продолжает планомерную работу по созданию безбарьерной среды на вокзалах страны.

РЕЗУЛЬТАТЫ КВАРТАЛА

Кирилл МАКСИМОВ,
Астана



В первом квартале 2024 года в Казахстане всеми видами транспорта перевезено 236,7 миллиона тонн грузов. Более 40% из них приходится на долю железнодорожного транспорта.

Грузооборот по всем видам транспорта за этот период составил 120,3 миллиарда тонно-километров. По железнодорожному транспорту этот показатель достиг 75,9 миллиарда тонно-километров. Всего за январь – март поездами перевезено 96,9 миллиона тонн грузов.

Что касается перевозки пассажиров, услугами железной дороги воспользовались 5,2 миллиона человек. Это на 8,1% больше, чем в первом квартале 2023 года. Пассажирооборот составил 3,8 миллиарда пассажиро-километров, но все же рост к показателю предыдущего года – на 0,3%.

ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана



Проблемы в сфере водного транспорта и пути их решения обсудили на заседании Подкомитета по водному транспорту Комитета логистики и перевозок НПП РК «Атамекен».

В мероприятии приняли участие представители отраслевых ассоциаций, госорганов, бизнеса, учебных заведений и НПП «Атамекен».

Спикеры обсудили роль портов Актау и Курык на рынке услуг по погрузочно-разгрузочным работам, общепринятую мировую практику при проведении бункеровки топливом, поставки снабжения, снятия отходов и смены экипажа на морском рейде, гражданства членов экипажей судов и признания легитимности прохождения освидетельствования НАО «Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова» в Российском морском регистре судоходства.

По итогам заседания участники утвердили План работы подкомитета на 2024 год и выразили уверенность, что реализация принятых решений поможет существенно повысить эффективность и безопасность водного транспорта и способствует развитию отрасли в целом.

ПОМНИТЬ ОБ ОПАСНОСТИ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана



Более чем 250 учащимся столичных школ и колледжей рассказали о правилах поведения вблизи железной дороги работники станции Нур-Султан.



С начала 2024 года железнодорожники – работники станции Нур-Султан, локомотивного депо, ВЖД – совместно с транспортными полицейскими провели разъяснительные беседы в пяти учебных заведениях, во время которых продемонстрировали видеоролики «Железная дорога – зона повышенной опасности!», раздали памятки о правилах нахождения на железнодорожных путях, с помощью мессенджеров распространили их также среди родительских комитетов.

– Такую работу мы проводим постоянно. Но с наступлением теплого времени года нужно быть особенно бдительными, зачастую подростки воспринимают железную дорогу как место для развлечений. Пытаются взобраться на вагоны, чтобы сделать селфи, перебегают пути перед идущим составом, все это чревато серьезными последствиями. Именно об этом мы всегда напоминаем во время бесед. С начала года охватили 258 учащихся, – отметила главный специалист по безопасности движения поездов на станции Нур-Султан Маржан Айтмаганбетова.

Но не меньшей опасности подвергают себя и взрослые – спешка, невнимательность, желание сократить путь. С начала года к административной ответственности привлекли 78 нарушителей. Всего за первый квартал проведено шесть профилактических рейдов по предупреждению наездов. Дежурные из числа работников станции всегда оповещают людей о прибывающих, отправляющихся, проходящих поездах, маневровых передвижениях.

Каждый месяц на станциях проводится проверка наличия, целостности предупреждающих знаков, скотоизгородей, своевременной очистки пешеходных переходов от снега и грязи.

В первом квартале 2024 года все руководители предприятий узла и станции Нур-Султан поучаствовали в совместном «круглом столе» с сотрудниками прокуратуры и линейного отдела полиции.

Фото автора

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ұжымы Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Жарасқызы Байғабыловаға анасы **Гүлжан Кенжеқызы Бөгенбаеваның** өмірден озыуна байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің қасиеттік одағы» ҚБ Орталық кеңесі мен оның өңірлердегі барлық филиалдары және бастауыш ұйымдары «КТЖ» ҰК»АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабыловаға анасы **Гүлжан Кенжеқызының** қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ТІЛГЕ ДЕГЕН СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Бекзат Кәрімханов теміржол саласында қызмет ете жүріп, «Болашақ басқарушылар» бағдарламасын игеріп, 2020 жылы «ҰК «ҚТЖ» АҚ ішкі жаттықтырушылар пулын құру және дамыту бағдарламасы бойынша өткен сайыста жеңімпаз атанған санаулы жастың бірі. Бүгінде Қазақстан темір жолының сертификатталған ішкі жаттықтырушысы ретінде оқуды сәтті аяқтап, осы бағытта жемісті қызмет етіп жүр.



Бекзатты жаттықтырушы ретінде ерекшелен тұрған қасиет көп. Соның бірі мемлекеттік тілде сөйлейтін жігіттің дәрістерді қазақ тілінде өткізетін шеберлігі десек қателеспейміз. Аяғөз өңірінің тумасы Семейдегі Электротехника колледжінің «Темір жол көлігіндегі тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығын, кейінірек М.Тынышпаев атындағы академияның «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығын меңгерген. Көзі ашық, көкірегі ояу белсенді жас қашан да қоғамдық шаралардың бел ортасынан табылып, «Жас Отан» жастар қанатында талай қайырымдылық акциясын өткізуге атсалысқан.

Ішкі жаттықтырушы болып қалыптасуыма өмірлік тәжірибем көп сеп болды. Мәселен, алғашқы еңбек жолымды өзім білім алған колледжде теміржол бойынша пәндердің ұстазы, куратор қызметінен бастадым. Ал, ішкі тренерлер үшін педагогтық қабілет өте қажет. Аудиторяны назарда ұстап, қатысушылардың ешбірін дәрістен тыс қалдырмай, сөйлете алуың керек. Сонда ғана әрбір семинар-тренингтен соң іштей мақсатыңа жеткенінді сезінесің, – дейді Бекзат Нұрланұлы. Өзі 2014 жылы Семей теміржолына келіп,

Жаңа-Семей станциясында бағыттама қосынның кезекшісі болып еңбек жолын бастаған Бекзат қысқа мерзім ішінде түрлі сатылы қызметтерден өтіп, нағыз теміржолшы болып қалыптасқан. Қозғалыс саласынан бөлек вокзал шаруашылығында да еңбек етті. Эколог, еңбек қорғаудың жетекші инженері сынды баспалдақтардан өтті. Биылдан бастап персоналмен жұмыс жасау бөлімінің менеджері болып қызмет атқаруда. Айтуынша, еңбек жолындағы көрген-түйгені ішкі тренер ретінде көп пайдасын тигізуде, қай сала маманы болса да әріпетестерімен тез тіл табысады.

Бекзат жаттықтырушы ретінде еліміздің көптеген бөлімшелерінде офлайн тренингтер өткізіп келеді. Әсіресе, қазақтық қаймағы бұзылмаған батыс өңірлер мен оңтүстікке жиі сапарлайды. Бұл ретте ол салалық қызметте қазақ тіліне сұраныс артып келе жатқанын айтады. Мәселен, батыстағы дәрістер көп жағдайда таза ана тілінде өтеді. Сәйкесінше, мемлекеттік тілге жетік тренерлерге қажеттілік жоғары. Осы орайда күллі Қазақстан бойынша сертификатталған ішкі теренерлер арасында қазақша дәріс өткізе білетіні тек бес адам, соның бірі Абай елінің азаматы Бекзат екенін айта кеткен жөн.

– Өзім қатысып жүрген немесе өткізетін жиындардан байқағаным, теміржолшылар тарапынан спикерлерге қазақша сөйлеу туралы талап жиі қойылады. Тіпті, соңғы уақыттары қаракез жастардың ана тілінде сөйлей алмауы мін ретінде сезіле бастады. Мемлекеттік тілге құрмет өзімізден басталады. Тілге құрметті әсіресе Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда бөлімшелерінде болғанда аңғардым. Жалпы Мемлекет басшысының өзі «Қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет. Сонымен қатар қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады. Жалпы, бірнеше тіл білу – әр адамның мәдениеттілігінің белгісі. Ал мемлекеттік тілді, әсіресе ана тілін, яғни қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді» деген болатын, – дейді Бекзат Нұрланұлы.

Бекзат өткен жылдың қорытындысы ретінде өткен «Корпоративтік еріктілер» байқауында «Қоршаған ортаны және қоғамды дамыту» номинациясы бойынша І-орын алды. Диплом мен бас жүлдені Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмеғамбетов табыс етті. Ал, биылғы ақпанда ұйымдастырылған форумда «Білім экспресі» жобасы бойынша үздік атанған Бекзат компанияның аппарат басшысы Серік Кеулімжаевтың Алғыс хатымен марапатталып, арнайы төсбелгі тақты, сонымен қатар «Үздік ішкі тренер» атағын иемденіп, салтанатта оған «Алтын үкі» мүсіні табыс етілді.

Мемлекеттік тілді жетік білуімнің арқасында қызмет бабында осындай жетістіктерге жетіп отырмын деп санайтын теміржолшы жігіттің алар асуы әлі алда, сондықтан әрдайым жолың болсын, Бекзат дейміз біз оған...

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

ЕДИНСТВО ПОКОЛЕНИЙ

Студенты Алматинского государственного колледжа транспорта и коммуникаций встретились с ветеранами железнодорожного транспорта.



Ветераны поделились своими жизненными и профессиональными историями, рассказали о трудностях, с которыми им пришлось столкнуться во время своей службы. Особенно было интересно послушать личные истории и воспоминания ветеранов на железной дороге.

Дуан Умаров рассказал о реалиях военного времени. Он занимался вопросами отправки грузов, военной техники и личного состава, принимал участие в миротворческих операциях международной миссии в Афганистане и Сирии, за что имеет боевые награды. Также работал начальником вокзала, пассажирской службы Алматинской железной дороги, директором Южного регионального филиала АО «ЦТС», вице-президентом АО «Багажные перевозки», а в первые годы независимости Казахстана – начальником отдела в Министерстве транспорта и коммуникаций РК.

– Будьте преданы своему делу, стремитесь к профессионализму и ответственности, учитесь у опыта предшественников, но не забывайте искать новые методы и технологии. Удачи вам в будущей карьере, – дал напутствие студентам Дуан Умаров.

О развитии железнодорожной инфраструктуры рассказал Шалабай Джанталаков. Речь шла об организации и координации движения поездов и грузов, важности точности и пунктуальности в планировании расписания и маршрутов. Ветеран подчеркнул необходимость прохождения производственной практики студентов на предприятиях железной дороги.

Будущие специалисты выразили признательность за встречу, которая стала не только обменом опытом, но и символом солидарности и единства поколений в транспортной отрасли.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

Спорт

САМЫЕ ЛОВКИЕ И МЕТКИЕ

В высшем колледже электроники и коммуникаций города Павлодара прошел турнир по асык ату.

В боулинге кочевников, так по современному называют сегодня этот национальный вид спорта, приняли участие 30 железнодорожников и три сотрудницы стальной магистрали. На соревнование для выявления победителей спортсменов приглашены судьи из федерации асык ату Павлодарской области.

– Те, кто займет первое место, получают пу-

тевку на республиканский турнир, который пройдет в Караганде в конце апреля. Каждый из железнодорожников старается показать свое мастерство, – говорит инструктор-организатор по спорту Павлодарского филиала АО «Казпрофтранс» Наталья Мартынова.

В итоге первое место среди мужчин занял Кайрат Аханов (КВК), второе – у работника ВЧД-16 Жандоса Сеитова, третьим стал Жасулан Ибраев, ВЧД-16. Среди женщин первое место завоевала Мадина Шегенова, НЖС.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора



НА ТРИБУНАХ – ЖЕНЫ И ДЕТИ

Яркими, эмоционально насыщенными и напряженными получились соревнования по футболу, которые на станции Шемонаиха провели первичные профсоюзные организации АО «Казпрофтранс» Защитинского узла. Мероприятие приурочено ко Всемирному дню здоровья.



Это были первые за долгое время футбольные игры на линии, и они стали семейным праздником.

Бахыт Краснопорова рассказала, что ее муж, помощник машиниста тепловоза Василий Краснопоров, играет в составе команды «Локомотив» подменного пункта ТЧП-5 Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо. У пары трое детей. Бахыт пришла на футбол как болельщица вместе с семилетней дочкой Раминой.

За машиниста тепловоза и капитана команды локомотивщиков Виталия Черепанова его супруга Кристина пришла поболеть вместе с их четырехлетним сыном Марком и девятилетней дочерью Миланой. Женщине очень понравилась атмосфера игры. Она отметила, что и зрители, и футболисты настроены очень дружелюбно.

Всего в соревнованиях по футболу участвовали шесть команд, в состав которых вошли работники узла станции Шемонаиха: вагонники из пункта технического обслуживания (ПТО) Оскеменского эксплуатационного вагонного депо, ТЧП-5, энергетики РЭС

Семейской дистанции электроснабжения (ЭЧ-18). От Оскеменской дистанции пути было две команды – «Мехмастерские ПЧ-37» и «Путейцы». В состав еще одной вошли работники станции Шемонаиха.

– По сути, сейчас играет весь узел. Это те люди, которые здесь живут и работают, – говорит начальник станции Шемонаиха Жанат Бектурсунов. – Все пришли на соревнования с большим желанием. Считаю, что такие мероприятия необходимо проводить постоянно для популяризации спорта и здорового образа жизни.

Об интересе к соревнованиям говорил тот факт, что их участниками стали, помимо Жаната Бектурсунова, заместителя начальника Оскеменской дистанции пути по Шемонаихинскому участку Фархат Кабылбаев, начальник ПТО станции Шемонаиха Айдын Шоттыбаев.

– Соревнования очень азартные, интерес к ним большой, – выразил свое мнение старший машинист-инструктор ТЧП-5 Нурлан Амирханов. – Я сам вхожу в состав команды «Локомотив». Мы заранее готовились, играли

в футбол по вечерам, тренировались.

Капитан команды ПТО на станции Шемонаиха Александр Бычков назвал эти футбольные игры позитивными и честными, «без подкатов». Финал соревнований вышел особенно напряженным. За третье и четвертое места боролись команды «Мехмастерские ПЧ-37» и РЭС ЭЧ-18 за первое и второе места – ТЧП-5 и ПТО на станции Шемонаиха.

– Интересно, что в основной игре «Локомотив» побеждал команду ПТО на станции Шемонаиха со счетом 2:0. Но за две минуты до конца матча вагонники сумели забить два гола в ворота противника. Он закончился со счетом 2:2. Для определения победителя назначили пенальти, – объясняет главный судья соревнований, председатель первичной профсоюзной организации Оскеменской дистанции пути Берик Байконыров. – По его итогам команда локомотивщиков вышла на первое место, а ПТО – на второе.

Капитан команды-победителя футбольных соревнований Виталий Черепанов не скрывал своей радости от того, что «Локомотив» вышел на первое место.

– Мы все большие молодцы, все старались, – считает Виталий. – Сегодня такой хороший солнечный день, особенно для нас. Эта победа – наша.

Также назначили пенальти по итогам игры между командой «Мехмастерские ПЧ-37» и РЭС ЭЧ-18. В результате победу одержали энергетики, заняв третье призовое место.

Дипломы и памятные подарки победителям вручили организаторы соревнований – председатель первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов, председатель «первички» Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Медет Мекебаев и Берик Байконыров.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск – Шемонаиха
Фото автора

ДАЙЫНДЫҚТАРЫН ПЫСЫҚТАДЫ



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Жуырда Маңғыстау станциясында 42-тұйық жолында жолаушылар вагонынан өрт шықты. Тілсіз жаумен күреске өрт сөндіру пойызымен бірге жергілікті азаматтық қорғаудың өртке қарсы бөлімінің қызметкерлері мен техникасы да жұмылып, қызыл жалынды жарты сағатта ауыздықтады.



12 сәуір күні түбек теміржолының Маңғыстау станциясында өткен кезекті тактикалық-арнайы оқу-жаттығудың сценарийі осылай болды. Аталған төтенше жағдайларға дайындықты пысықтау шарасы бекітілген кестеге сәйкес Маңғыстау станциясының өрт сөндіру пойызының қатысуымен «Жолаушылар вагонындағы өртті сөндіру» тақырыбында өтті. Оған Маңғыстау станциясының №48 өрт сөндіру пойызынан бөлек Мемлекеттік өртке қарсы қызметі, Азаматтық қорғаудың өртке қарсы буындары түгел қатыстырылды.

Сценарий бойынша сағат 15.00-де Маңғыстау станциясының өрт сөндіру пойызына Маңғыстау станциясының №42 тұйық жолаушылар вагонындағы өрт туралы хабарлама түсті. Хабарды алған бойда Маңғыстау өрт сөндіру пойызының жеке құрамы жинақталып, оқиға орнына келді. Сағат тілі 15.03 минутты көрсеткенде №5өрт сөндіру бөлімінен 3 (АЦ-40, АЦ-10-70, АЦ-8-70) техника 15 жауынгерлік құраммен келіп жетіп, сағат

15.05-те өртті сөндіруге кірісті.

– Тактикалық оқу-жаттығуымыз өз деңгейінде өтті. Жолаушылар вагонында шыққан өртті толықтай жоюға 32 минут уақыт жұмсалды. Өрт сөндіру бойынша жергілікті қызмет өкілдері бірлесіп, дайындығымызды тексеріп, тағы бір рет пысықтап алдық. Іс-шара барысында өрт сөндіру үшін су және бүріккіш көбік пайдаландық. Өрт сөндіру пойызынан №1 мотопомпадан 20 метрге 1 Магистральдық желі және су беру үшін 2 литер Б жұмыс желісінің тармақтары арқылы тартылды. №2 мотопомпадан 20 метрге 1 Магистральдық желі және бүріккіш көбік беру үшін жұмыс желісі салынды. Нәтижесінде сағат 15.31 минутта өрт ауыздықталып, толықтай өшірілді. Оған барлық қызмет өкілдері қосқанда, соның ішінде теміржол мекемелерінен де бар, жалпы 92 адам қатысты. 11,520 тонна су жұмсалды, – дейді Маңғыстау мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бастығы Қайырхан Таласов.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.